


# ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ



*Жайлаубаева Индира  
Жұбатқанқызы.  
Ы.Алтынсарин атындағы  
Рудный әлеуметтік-  
гуманитарлық колледжінің  
арнайы пәндердің  
оқытушысы,  
"Шабыт" сыйлығының  
лауреаты, магистр*


Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады.

Әл-Фараби




Осындай тамаша сөздердің астарына терең ойды сыйдыра білген қарапайым ұстаздық мамандыққа тән қасиеттерді дәлдеп жеткізген тарихи ұлы тұлға Әбу Насыр Әл-Фарабидің өз дәуірінде барлық саланы жетік білген қабілетті данагөй болғаны баршаға аян. Ол қазақ халқының ғана емес жалпы түркі елінің маңдайына біткен дарынды тұлға.


Биылғы жылы ұлт ұстазын ерекше еске алып ұлықтаудамыз. Себебі, 2019 жылдың 26 тамызында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлы ойшыл, философ, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын 2020 жылы атап өту туралы № 133 Жарлығы шыққан болатын. Осынау мемлекеттік маңызы бар үлкен жобаға еліміздің білім саласы айтулы шаралар жоспарлап, елдегі қиын жағдайға қарамастан сан алуан форматта іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілуде.





"Бұл кісіні (Әл-Фарабиді – ред.) "қазақ" деп жазады. Оны "өзбек, тәжік" деп айтады. Ол – қате. Бұл кісі өмір сүрген уақытта біздің халқымыз жеке ұлт ретінде тарих сахнасына көтерілген жоқ. Сондықтан әл-Фараби – түркі текті. Бұл мәселеге академик Гафур нүкте қояды. Ол "әл-Фараби өмір сүрген уақытта қазақ, өзбек деген болған жоқ. Бірақ Әл-Фараби қазақ жерін мекендеген түрік тайпасынан шыққан. Бұл тайпа кейін қазақ халқының құрамына енді. Сондықтан қазақ халқының перзенті деуге негіз бар деп жазды", - деді






Оның отбасылық өмірі турала тамаша суреттеген "Әл-Фараби" ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жақыпбек Алтайұлы "Әл-Фараби музейі" атты деректі фильмінде былай деді: "Ол әулетті отбасыда өмірге келді. Оның әкесі әскери қолбасшы болған. Орта ғасырда Фараб қаласы ғылым мен мәдениеттің ордасы еді. Мұнда Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхана орналасты. Осының арқасында Әл-Фараби ондағы құнды қолжазбалар және кітаптармен танысуға мүмкіндік алды. Ғалымның жастық шағы осы шаһарда өтті".





Жақыпбек Алтаев (21.4.1948, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылы) – философия ғылымының докторы (1997), проф. (1998).

Ташкент мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетін бітірген (1972). 1972–1976 ж. Шымкент педагогикалық институтының философия кафедрасының оқытушысы. 1980–1985 ж. Қазақ көлік және коммуникация академиясы (бұрынғы Алматы транспорт және көлік инженерлері институты) философия кафедрасының аға оқытушысы, доцент. 1985 жылы ҚазҰУ-да философия және саясаттану факультетінде философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының меңгерушісі болды.





Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш фарабитанушы болған профессор Ақжан Машановтың пікірінше, әл-Фараби балалық шағында сауатын Отырарда оғыз-қыпшақ тілінде ашқан. Оның заманында Жібек жолы бойындағы түркі қалаларының, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезі еді. Бастапқы білімді ол туған қаласы Отырарда алады, одан соң Хорасанға барады. Әбу Насыр әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарларға шығып, тез есейеді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасады. Ол 16 жасында керуенге ілесіп, білімін одан сайын толықтыру мақсатында араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа оқуға келген..



Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани (1906 жылы, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Нұркен ауылы — 02.05.1997, Алматы — геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1946), профессор (1968), ҚР Ұлттық ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі және академияның корреспондент мүшесі (1946), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткер





**Даналығы дариядай бабамыз, асқан астроном, білгір математик, талантты музыкант, тылсым табиғатты зерттеуші, аты грек ойшылдарымен қатар айтатын философ Әл-Фараби есімі ел есінде мәңгілік сақталады.**

